

**Атырау облысының Кенбай кен орнында "Бидерманн Интернэшнл" (АҚШ) компаниясымен өнім бөлісу шартымен (Продакшн Шеринг) мұнай барлау, игеру және өндіру жөніндегі келісімді бұзу туралы**

*Күшін жойған*

Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің 1994 жылғы 5 шілдедегі N 756 Қаулысы. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008 жылғы 4 мамырдағы N 406 Қаулысымен

*Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008.05.04 N 406 Қаулысымен.*

Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті Қаулы етеді:

1. Қазақстан Республикасының Мұнай және газ өнеркәсібі министрлігі мен Атырау облысы әкімінің Қазақстан Республикасының мүдделі министрліктерімен және ведомстволарымен келісілген Атырау облысының Кенбай кен орнында " Бидерманн Интернэшнл" (АҚШ) компаниясымен өнім бөлісу шартымен (Продакшн Шеринг) мұнай барлау, игеру және өндіру жөніндегі Келісімді бұзу туралы ұсынысы мақұлданын.

2. Атырау облысының әкіміне, "Мұнайгаз" Мемлекеттік холдинг компаниясына және "Ембімұнай" өндірістік бірлестігіне Қазақстан Республикасының Әділет министрлігімен, Мұнай және газ өнеркәсібі министрлігімен және Экономика министрлігі жанындағы Ұлттық агенттікпен бірлесе отырып, Келісімді бұзу жөніндегі іс-шараларды жүзеге асыру және Келісімді бұзу барысында республика мүдделерінің сақталуын қамтамасыз ету т а п с ы р ы л с ы н .

3. "Атырау облысының Кенбай кен орнында "Бидерманн Интернэшнл (АҚШ) компаниясымен өнім бөлісу шартымен (Продакшн Шеринг) мұнай барлау, игеру және өндіру жөнінде Келісім жасау туралы" Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің 1993 жылғы 9 шілдедегі N 581 қаулысының күші жойылған деп танылсын.

*Қазақстан Республикасының*

*Премьер-министрі*